

«№11 Санаториялық мектеп- интернаты »
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БАЯНДАМА

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ- ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ



Жаңа технология - тәрбие үрдісінде

Қазақстанның өркениетті мемлекеттердің қатарына ену стратегиясын жүзеге асыруы, отандық білім беру саласының мазмұны әлемдік білім кеңістігіне кіріктірілуі мақсатында жаңартылуы, оқыту мен тәрбиенің жаңа парадигмаларының пайда болуы заманауи білім индустриясын жетілдіруді талап етеді.

Білім қазіргі қоғамның ең маңызды мемлекеттік ресурстарының біріне айналууда. Әлемде болып жатқан заманауи үрдістерден қалмау үшін, еліміз барлық жаңалықтарды игеруде.

Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында «адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту т.б» міндеттер көрсетілген.

Осыған орай, педагогиканың бір саласы ретінде тәрбие мазмұнын да өзгерту маңызды факторлардың бірі. Себебі, жеке тұлғаның құндылық бағдары, ең бірінші тәрбие арқылы өлшенбек. Тәрбие мазмұнын, принциптері мен тұғырларын жаңаша тұрғыда құру ғылыми-теориялық талдауды қажет етеді. Біз қарастырып отырған тәрбиенің заманауи технологияларына тоқталып көрелік.

«Технология» ұғымы әртүрлі ғылыми аспектілердің зерттеуіне айналды. М.В.Кларин «Педагогикалық технология — бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолында қолданылатын әдістер мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті»- деп анықтаған болатын. Б.С.Гершунский технологияны білім беру мен тәрбиелеуде мұғалімнің шеберлігі, дағдысы, біліктілігі — деп түсіндіреді.

Ғалымдардың пікірлерін талдайтын болсақ, педагогикалық технология мақсатқа бағытталған мұғалім мен оқушы арасындағы екі жақты, жоспарлы, кешенді үрдіс.

Қазіргі қоғамдағы білім беру үрдісінің дамуы, педагогикалық инновациялардың мүмкіндіктері, жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесі, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижелері технологияларды саралап, жүйелеуді қажет етеді.

Технология ұғымы шеберлік, өнер туралы ілім болып табылады.

Тәрбие технологиясы – тәрбие мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқыту формаларының, әдістерінің, жолдарының, тәсілдерінің және тәрбие құралдарының жиынтығы. Бұл дамыту, оқыту және тәрбие процестеріне ықпал ететін тәсілдердің бірі.

Мектептегі тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында ізгі қасиеттер қалыптасқан, көшбасшылық қасиеттерді меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыру.

Білім беру саласындағы отандық және шетелдік теоретиктер мен практиктердің көпшілігі мектеп, бірінші кезекте, оқушыларды социумда өмірге дайындауға, қоршаған адамдармен өзара іс-қимыл жасау дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыруға, сондай-ақ қоғамның нормалары мен құндылықтарын меңгеруге бағытталуы керек деп түсіндіреді.

Мектептің тәрбие жүйесі объективтік және субъективтік факторлардың ықпалымен жүретін ұзақ мерзімді және күрделі процесс болып табылады. Тәрбие процесінің субъектілері: мұғалім, оқушы, ата-ана. Мектеп пен отбасы байланыста, сабақтастықта және үйлесімділікте өзара әрекет етеді. Мектепте

тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың мына қасиеттерін дамыту көзделеді:

Оқушының белсенділігін дамыту

Жеке тұлғаның қоршаған ортаға гуманистік қатынасын туғыза отырып, оның адамгершілік қасиетін қалыптастыру

Жеке тұлғаның ішкі мотивтерін ояту

Бүгінгі оқушы ақпараттық ресурстарды терең меңгерген, заманауи қоғамның даму тенденциясы мен нарық сұраныстарына жауап бере алатын бірегей ерекшеліктері бар тұлға болып табылады. Осындай типтегі оқушылар мұғалімнен тәрбие жүйесін жаңаша ұйымдастыруды талап етеді.

Сондықтан да сынып жетекшісі оқушылар ұжымымен қарым-қатынас жасаудың белсенді әдістері мен технологияларын тәжірибесіне енгізуі қажет. Мектептің тәрбие процесінде төмендегі технологияларды қолдануға болады:

Диалогтық (сұхбат) технологиясы

Коллаж технологиясы

Топтық шығармашылық жұмыс

Жеке тұлғаға бағытталған технология

Іскерлік ойын технологиясы;

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы

Тьюторлық-педагогикалық қолдау технологиясы

Арт-терапия технологиясы т.б.[4].

Тәрбие технологиялары жеке тұлғаның ізгілік қасиеттерінің дамуына мүмкіндік береді.

Заманауи тәрбие технологиясының бірі -жоба технологиясы.

Жоба технологиясы арқылы оқушының зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға болады. Тәрбие проблемасына байланысты әртүрлі тақырыптар ұсынылады. Мысалы, «Отбасында баланы тәрбиелеудің әдістері», «Отбасы, мектеп және оқушы арасындағы сабақтастық», «Оқушыларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу» т.б.

Жоба орындау барысында оқушының төмендегі қабілеттері қалыптасады:

Жұмысты орындауға деген талпыныс

Жаңа білімді іздеуге деген мотивация

Өз көзқарасын дәлелдеуге ұмтылу.

Жоба жазу оқушының аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, шешім қабылдай алу іскерлігін қалыптастырады. Оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес өзінің кәсіби бағдарын айқындауға көмектеседі. Жоба әдісінде мына міндеттер жүзеге асады.

Оқушылардың танымдық іскерліктері мен дағдыларын дамыту

Ақпараттық кеңістікте бағдар ала білу

Өз бетінше жоспар құра білу

Ғылымның түрлі салаларынан білімді біріктіре білу

Сын тұрғысынан ойлау қабілеті.

Заманауи тәрбие технологияларының бірі – коллаж. Түрлі-түсті суреттерді жабыстыру арқылы әңгіме құрастыру оқушылығының сөйлеу дағдысын дамытады.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану арқылы тәрбие сағаттарын өткізуге болады. Түрлі тренингтер, сергіту сәттерін, топтық жұмыс жасау, шығармашылық тапсырмалар қолдану оқушылардың жеке қабілеттерін

дамытуға және тәрбие үрдісін жаңаша ұйымдастыруға көмектеседі. Солардың ішіндегі ең бір ерекшесі, жаңа әдіс-тәсілдердің бір көрінісі – топтық жұмыста постер шығару.

Топтық шығармашылық жұмыс ынтымақтастық, гумандық педагогиканың бір формасы болып табылады. Оның ғылыми-әдіснамалық негізін қалаған ғалымдардың бірі Ш.А.Амоношвили. Гумандық педагогика идеясы адамды құндылық ретінде бағалау. Оқушының табиғи қасиеттері мен жеке ерекшеліктеріне байланысты оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру. Топтық-шығармашылық технологияның мазмұны гумандық педагогиканың қағидалары мен өлшемдерін негізге алу болып табылады. Топтық-шығармашылық технология барысында оқушылардың рухани-адамгершілік, ізгілік қасиеттері қалыптасады.

Бірлескен оқу іс-әрекетінде оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар өзгелердің көзқарастарын тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Жаңартылған білім мазмұнындағы оқу мақсаттары топтық жұмыстарға негізделген.

Тәрбие үрдісінде жиі қолданылатын технологиялардың бірі ойын технологиясы. Оқушылардың тілдік дағдысын қалыптастыру барысында грамматикалық ойындар қолданылады. Ойын технологиясы оқушының іскерлік қасиетін қалыптастырады. Әртүрлі грамматикалық тапсырмалар арқылы ойын сюжеті құрылады. Ойын оқушының тез ойлай білу дағдысын қалыптастырады. Ойын шарты алдын-ала белгілі болғанмен, ойын барысындағы күтпеген жағдайларда оқушы тез шешім қабылдай білуге жаттығады.

Ойын технологиясының ерекшелігі оқушының бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түседі. Ол оқушылардың ұйымдастырушылық, көшбасшылық мүмкіндіктерінің дамуына басшылық жасайды.

Отандық психологияда сурет терапиясы, изо терапиясы, құм терапиясы, музыка терапия, сонымен қатар арт-терапия кеңінен тараған. Арт - терапия жеке тұлғаның ішкі мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шығармашылық белсенділігін арттыруға көмектеседі. Арт-терапияны мұғалім өзінің тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында қолданады.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күні бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық тәрбие мазмұнының басты мақсаттарының бірі инновациялық технологияларға сүйене отырып, оқушының адамгершілік қасиеттерін дамытуға мүмкіндік жасау.

Осыған орай, бүгінгі мұғалім, тек ақпарат жиынтығын меңгертумен шектелмей, іс-әрекетін өздігінен тиімді ұйымдастыра отырып, шығармашылықпен жұмыс жасауға, күнделікті оқыту және тәрбие үрдісінде белсенді әдістерді пайдалануға, креативті ойлауды дамытуға белсенді әрекеттер жасауы қажет.

еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ
тәрбиелеу.

мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл-сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады. Оның тәртібі, іс-қимылы, балалар және үлкендермен қарым-қатынасы балалар үшін үлгі бола отыра, педагогтың ықпалы әсерлі енеді, баланың жеке басы қалыптасады. Оның ықпалы неғұрлым белсендірек болса, баланың сезімдерін жан-жақты қамтыған сайын, олардың ерік күшін жұмылдырып, санасына ықпал етеді. Баланың рухани-адамгершілік дамуы мектеппен отбасы арасындағы қарым-қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндетті орындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте-еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар. т. б. қалыптасады. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас/ тұрмыстың қарапайым ережелерін орындау/ кеңпейілдік, қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау және т. б./ Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдеріне қадір тұту және сыйлау. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды. Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып педагог балдырғанның бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жан дүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды. Балаға айналадағы өмір шындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым – қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс-тұрысы, еңбек әрекеті – бәрі де балаға үлгі-өнеге.

Бала тәрбиесіндегі интернаттың орны ерекше. Тәрбиешінің алға қойған мақсаты, баланың бойына ұлттық саналық қалыптасқан, халқының әдет-ғұрпын салт-дәстүрлерін көңіліне тоқыған дені сау, шымыр да шыныққан, сымбатты, халықтың тілін білетін, рухани байлығы мол, жан-жақты азамат тәрбиелеп өсіру. Тәрбиенің негізгі мақсаты- дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол,

жатсыну позициясымен ерекшеленеді. Өз тәрбиешісінен эмоциялық жақындықты сезбеген бала жүзеге аспаған жағымды эмоцияға қажеттігінің орнын санасыз түрде толтыруға тырысады. Баланың пікірінше парталас өз көршісімен немесе тағыда біреулермен сөйлесу сәті туысымен- ақ, ол кез-келген нәрсе жайында сөйлесе бастайды. Арақашықтықты құралмен өлшеу оның математикалық өлшемі бар деп айту мүмкін емес. Арақашықтықты дұрыс анықтау шығармашылықты талап етеді, әр тәрбиеші бұл мәселені өзі шешеді. Арақашықтық өлшемі бала мен тәрбиешінің қарым-қатынастағы сөйлесуінде, дауыс ырғағында көрінеді, балалардың бойында әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын қалыптастыру, өзін және өзгелерді түсінуге және құрметтеуге тәрбиелеу. Қарым-қатынастың зорлық-зомбылықсыз үлгісін ұстана отырып, әртүрлі өмір сүру, баға беру қабілеттерін арттыру - педагогтардың баланың жеке тұлғасын қабылдай және түсіне білуі. Баламен қарым-қатынасқа түскен кездегі ересек адамның педагогикалық ізеттілігі талаптан шығу қажеттілігіне емес, оң көзқарас пен мейірімділікке негізделуі керек. Педагогпен қарым-қатынасқа түсу-баланың сана-сезімін дамыту үрдісін жүзеге асырудың ең негізгі объективті шарты, онсыз баланың дамуын жүзеге асыру мүмкін болмайды немесе қиыншылыққа ұштасады. Тәрбиеші мейірбан болып, балаларды сол қалпында сүюге тиісті. Тентегін де тіл алғышын да, жалқауын да, ыждахаттысын да бірдей жақсы көру парыз. Тәрбиеші үнемі кәсіби шеберліктерін шындап, білімін жетілдіруге жүйелі көңіл бөліп, ұжымның шығармашылық бағыт-бағдарын айқындап, оны жүзеге асыруға белсенділікпен ат салысуға және жағымды психологиялық ахуалдың тұрақтануына ықпал етуі қажет. Тәрбиешісі қызметінің ішіндегі аса маңыздысының бірі-баланың денсаулығы мен өмірін қорғау, яғни педагогикалық қызмет. Бұл қызметті аса маңызды деп қарастыратын себебіміз, мектепке дейінгі шақта баланың ағзасы ауруларға қарсы тұра алмайтын, әлсіз болып келеді. Тәрбиеші баланың физикалық дамуы мен оның денсаулығын қорғауға жағымды жағдай жасауы қажет. Балаларды физикалық түрде даярлау тәрбиешінің парызы болып табылады. Балалардың денсаулығын қорғау мәселелеріне назардың жоғарылауы жалпы білім беретін және кәсіби мектептердің реформасының ережесіне талап етеді. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Рухани -адамгершілік тәрбие- екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан- тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктіктерін зер салып талдау керек. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан,

Баяндама тақырыбы: **Тәрбиешілер мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту** »

Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынас және тәрбиенің маңыздылығы.

Бала әрбір халықтың, әрбір мемлекеттің болашағы. Мемлекеттің өзінің өскелең ұрпағына қандай қамқорлық жасап отырғанына қарап, оның келешек қоғамының бет бейнесін көруге болады. «Бала келешек жеке тұлға емес, ол - осы күннің өзінде- ақ жеке тұлға. Балалар бізді толғандыратын барлық сезімдер мен ойлардың бастауына негіз болатын тіршілік иелері, бұл бастауларға жетекшілік етуде нәзіктік пен мейірімділік таныту керек».

Жас бала дамуында жаңа әлеуметтік жағдайлардың пайда болуымен сипатталады. Баланың өзін қоршаған адамдар арасынан алатын орнының ерте сәбилік шақтағы балаға қарағанда елеулі айырмашылығы болады. Баланың қарапайым міндеттер өрісі пайда болады. Баланың ересектермен байланысы жаңа формаға ие болады, бірлескен іс- әрекет ересек адамның нұсқаларын дербес орындаумен алмасады.

Еліміздің болашағы -бүгінгі балалар. Ал олардың қандай азамат болып шығуын қадағалау- қазіргі балабақша мектептерге, тәрбиеші мұғалімдерге тікелей жүктелетін жауапты жұмыс. Сондықтан да балалардың өзара және ересектермен арасындағы қарым- қатынасы аса маңызды өзекті мәселе болатыны сөзсіз.

Қарым –қатынас - ол адамның жеке басының дамуында қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Тілдесу арқылы адамдар өзара қарым -қатынас жасап, бір- біріне білдірмек болған ойын жеткізіп пікір алысады

Қатынас жасау- басқалармен тіл табысу, әрбір адамның өмір тәжірибесіне біліміне ақыл ойына байланысты жүзеге асады. Қарым- қатынас жасауда ақпаратпен алмасу, өзара ықпал өзара баға беру, сенім, көзқарас, мінез қалыптасады. Егер адамдар өзара қарым- қатынас жасамаса онда тіршіліктің мәні болмас еді. Адамдар арасындағы қатынас жасауда аса маңызды шарттардың бірі- сөйлеушілердің өз ой пікірлерін басқа тыңдаушыларға жеткізе білуі және әсер етуі. Қарым- қатынас қазіргі уақытта психологияда үлкен орын алады. Балалар әрекетінің түрлері ойын еңбек, оқу, қарым - қатынас арқылы жүзеге асады. Баланың ересек адамға эмоциялық жағынан көп жағдайда кіріптар болатынын білген пайдалы. Эмоция тапшылығы яғни баланың көңіл- күйіне жақсы әсер ететін беделді, ересек адам эмоциясына қажеттілік, көп жағдайда баланың мінез - құлқын айқындайды. Ересек адамның балалармен қарым- қатынас жасауы, балалардың сабақ кезінде ойын бөлмесіндегі және сабақпен көңіл көтеруге арналған, басқа да жерлердегі мінез -құлықтарына әсерін тигізеді. Тәрбиешінің балаларға қарым-қатынасы